Ережеге 5-қосымша

Жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт 26

Бейнеу селосы **2011 жылғы "25" қараша**

Бұдан әрі Тапсырыс беруші деп аталатын **«Бейнеу аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі»** мемлекеттік мекемесі атынан бөлім бастығы **С.Х.Бисенов**, бір тараптан және бұдан әрі Өнім беруші деп аталатын, **«А и К құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі** атынан директор **Отеулиева Орынгул Жолдиевна 2010 жылғы 08 желтоқсандағы (алғашқы тіркелген күні-**2002 жылғы 08 тамыз) №205-1943-02-ЖШС Жарғысы негізінде әрекет ететін, екінші тараптан, "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңның (бұдан әрі - Заң) және 2011 жылғы "11" қарашада өткен Мемлекеттік сатып алу (конкурс тәсілімен) қорытындыларының негізінде осы Мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мына төмендегі келісімге келді:

1. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы – **«Бейнеу аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі»** мемлекеттік мекемесі, Тапсырыс беруші **«Бейнеу аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі»** мемлекеттік мекемесі үшін мемлекеттік сатып алуды **«Ақжігіт селосындағы балабақшаға жапсаржай құрылысы» жұмыстарына** жариялады және Мердігердің **34 010 014,00 (отыз төрт миллион он мың он төрт) теңге 00 тиын: оның ішінде 20250000,00 (жиырма миллион екі жүз елу мың) теңге 00 тиын 2011 жылға, ал қалғаны бюджет нақтыланғанда қаралады** (бұдан әрі - Шарттың бағасы) мөлшерінде осы жұмыстарды орындауға конкурстық өтінімін қабылдады.

Келісім шарт **466** «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі», **037** «Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау», **015** «Жергілікті бюджет қаражаты есебінен» бюджеттік бағдарламасының **421** «Ғимараттар мен құрылыстар салу» ерекшелігінен жүзеге асырылады.

2. Жұмыстар Жоба бойынша орындалады «Ақжігіт селосындағы балабақшаға жапсаржай», Бейнеу ауданы, Ақжігіт селосы

Бас жобалаушы – «КазТепло» ЖШС, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 29 шағын ауданы, 20 үй, 42 пәтер.

3. Осы Шартта төменде санамаланған ұғымдарға мынадай түсінік беріледі:

1) "Тапсырыс беруші" - мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ дауыс беретін акциялардың елу және одан астам пайызы мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындар, заңды тұлғалар және олармен аффилиирленген заңды тұлғалар;

2) "Бас мердігер" (бұдан әрі - Мердігер) - Тапсырыс берушімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін заңды тұлға, сондай-ақ, консорциум (сатып алуды жүзеге асыру ережесінде көзделген жағдайларда);

3) "Қосалқы мердігер (бірлескен орындаушы)" - Шарт бойынша учаскеде (объектіде) жұмыстардың бір бөлігін орындауға Мердігермен шарты және (немесе) келісімі бар адамды немесе ұйымды білдіреді;

4) "Техникалық қадағалаушы" - мердігерлік жұмыстарды Мердігердің Шарттың ережелеріне сәйкес орындауы жөніндегі бақылауды жүзеге асыруға Тапсырыс беруші тағайындаған және Мердігерге хабарланған адамды білдіреді;

5) "Объект" - мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Мердігердің Шартта көзделген түрде құрылуға, қайта жаңартуға және Тапсырыс берушіге беруге тиіс деп анықтаған ғимарат, құрылым;

6) "Учаске" - Объект құрылысын салуға немесе жұмыстарды жүргізуге бөлінген аумақты білдіреді;

7) "Шарттың құны" - Шарттың Мердігер өзінің конкурстық өтінімінде көрсеткен және Тапсырыс беруші қабылдаған жалпы сомасын білдіреді;

8) "Шарт" - "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Тапсырыс беруші мен Мердігердің арасында ғимараттар мен құрылымдардың құрылысын салуға және жөндеу-құрылыс жұмыстарына жасалған азаматтық-құқықтық шарт. Шартқа оған қол қойылғаннан кейінгі барлық толықтырулар мен өзгерістер қабылдау жолымен жасалуы мүмкін. Шарт Жобалаушы мен Мердігер, Тапсырыс берушілер мен Қосалқы мердігерлер арасындағы қандай да бір шарттық қатынастар қалыптастыратындай түрде түсіндірілуге тиіс емес;

9) "Уақытша құрылыстар" - Объектінің құрылысын салу мен жөндеу үшін қажетті, тұрғызылатын, орнатылатын және Объектінің құрылысын салуды аяқтағаннан кейін Мердігер алып тастайтын барлық уақытша ғимараттар мен құрылыстарды білдіреді;

10) "Материалдар" - Объект құрылысын салу үшін Мердігер мен Қосалқы мердігер пайдаланатын барлық шығыс материалдарын білдіреді;

10. Шарт мемлекеттік және/немесе орыс тілдерінде жасалады.

Шартты төрелік сотта қарау қажет болған жағдайда Шарттың мемлекеттік және/немесе орыс тілдеріндегі данасы қаралады. Шартқа қатысты тараптар алмасатын барлық хат алмасу мен басқа да құжаттама осы талаптарға сәйкес болуы тиіс.

11. Мемлекеттік сатып алу туралы шарт мемлекеттік сатып алу туралы шартқа өзгерістер енгізу шартын көздеуі тиіс.

Өнім берушіні таңдауға негіз болған сапаның және басқа да шарттардың өзгертпеу шартымен мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартқа өзгерістер енгізуге:

1) ұқсас сатып алынатын жұмыстарға бағалар азаю жағына өзгерсе, тараптардың өзара келісімі бойынша жұмыстарға бағаның және осыған сәйкес шарттың бағасын азайту бөлігінде;

2) егер мемлекеттік сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамаға өзгерістер енгізілсе және Қазақстан Республикасының бюджет және өзге де заңнамасында белгіленген тәртіппен қабылданған, осындай өзгерістің сомасынан қосымша ақша бөлу туралы шешім қабылданса, шарттың сомасын ұлғайту бөлігінде;

3) осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген жұмыстарды қоспағанда, осы жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартта көрсетілген жұмыс бірлігі үшін бағаны өзгертпейтін шартпен сатып алынатын жұмыстардың көлеміндегі қажеттіліктің азаюына немесе ұлғаюына байланысты шарттың бағасын азайту не ұлғайту бөлігінде. Мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартты мұндай өзгертуге мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарында осы жұмыстарды сатып алу үшін көзделген соманың шегінде жол беріледі;

4) салық, кеден және басқа да салалардағы заңнаманың не Қазақстан Республикасының заңнамасының өзгерісіне байланысты еңбек пен материалдық ресурстар құнының өзгеруінен туындаған аяқталу мерзімі келесі (кейінгі) жылдағы (жылдардағы) жұмыстарды орындау шартының сомасын азайту және ұлғайту бөлігінде, сондай-ақ жылдар бойынша қаржыландыру өзгерген жағдайда, мемлекеттік сараптамадан өткен жобалау-сметалық құжаттамаға тиісті өзгерістер енгізу шартымен шарттың орындалу мерзімдерін тиісінше өзгерту бөлігінде жол беріледі.

Мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына не жасалған шартқа мемлекеттік сатып алу шарттарының және (немесе) өнім беруші таңдау үшін негіз болған ұсыныстың мазмұнын өзгертетін өзгерістерді Заңның 39-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделмеген негіздемелер бойынша енгізуге жол берілмейді.

12. Тапсырыс беруші мен Мердігер арасындағы Объект құрылысын салу мәселелеріне қатысты ресми қатынас жазбаша түрде ғана күшке ие болады.

13. Мердігер қосалқы мердігерлік ұйымдармен жұмыстардың жалпы көлемінің (мердігерлік бағасының) 2/3 бөлігінен аспайтын Шарт жасаса алады, және Тапсырыс берушінің жазбаша рұқсатынсыз Шартты үшінші тұлғаға бере алмайды. Қосалқы мердігерлердің болуы Тапсырыс беруші мен Мердігер арасындағы Шарттың талаптарын өзгертпейді.

14. Учаскеде қосалқы мердігерлер бар болса Мердігер өзінің жұмыстарын олармен үйлестіріп отыруы тиіс.

15. Тапсырыс беруші Мердігерге объектінің құрылысын салуға (жөндеуге, қайта жаңартуға) жобалау-сметалық құжаттаманы береді (мемлекеттік сатып алу бойынша конкурс құрылысты "Дайын тапсыру" шартымен өткізілген кезде бұл талап осы Шартта ескерілуі тиіс).

16. Мердігер негізгі қызметтерге біліктілігі туралы мәліметтерде көрсетілген қызметкерлерді жалдайды. Бұл адамдарды басқасына ауыстырған кезде Мердігер мұндай ауыстыруға Тапсырыс берушінің келісімін алуы тиіс. Жаңа қызметкерлердің біліктілігі туралы мәліметтерде санамаланған қызметкерлердің біліктілігіне тең немесе одан жоғары болуы тиіс.

17. Егер Тапсырыс беруші Мердігерден Мердігердің немесе қосалқы мердігердің қызметкері болып табылатын адамды, себептерін көрсете отырып, Объектіде жұмыстарды орындаудан алыстатуды сұрайтын болса, Мердігер мұндай адамды 72 сағат ішінде құрылыс объектісінен кетіруге міндетті, одан кейін бұл адамның осы Шарт бойынша жұмыстарды орындаумен ешқандай байланысқа ие болмауы тиіс.

18. Мердігер Тапсырыс берушінің мүлкіне, меншігіне шығындар немесе залал келтірумен және өз қызметкерлерінің денсаулығына, сондай-ақ өз қызметкерлерінің мерт болуымен байланысты және Шартты орындау ағымында және салдарынан туындайтын барлық тәуекел үшін жауапты болады.

19. Тапсырыс беруші тәуекелдің ерекше түрлері, атап айтқанда: соғыс, көтеріліс, революция, азаматтық соғыс, бүліктер, тәртіпсіздіктер (егер онда Тапсырыс берушінің қызметкерлері қатысса) тәуекелі үшін жауапты болады. Сондай-ақ, Мердігер тапқан және конкурстық құжаттамада көрсетілмеген топырақтың уытты және жарылғыш нәрселермен улануы және егер осы табылғандар жұмыстардың орындалуына тікелей әсер ететін болса да Тапсырыс берушінің тәуекелі болып табылады.

А и К
құрылыс

20. Мердігер ақауларды жою кезеңін қоса алғанда, жұмыстар басталған күннен жұмыстар толық аяқталғанға дейінгі кезеңге Тапсырыс берушінің атына сақтандырумен жабуды қамтамасыз етеді.

Сақтандыру объектілері және сомасы

_____

(жабдықтар беруді сақтандыру, адамдарды және т.б. сақтандыру)

21. Мердігер сақтандыру полистері мен сертификаттарын Тапсырыс берушіге жұмыстар басталатын Күнге дейін ұсынуы тиіс.

22. Егер Мердігер талап етілетін сертификаттарды ұсынбаса, Тапсырыс беруші Мердігердің қамтамасыз етуі тиіс сақтандыруды жүргізуі және осы шығыстарды Шарттың құнынан ұстауы мүмкін.

23. Мердігер Тапсырыс берушінің келісімінсіз сақтандыру шарттарын ешқандай өзгерте алмайды.

24. Екі тарап та сақтандыру полистерінің барлық шарттарын сақтауға тиіс.

25. Тараптардың әрқайсысы олардың бірлескен іс-қимылдары немесе кемшіліктерінің нәтижелері болып табылған шығындар бойынша шығындар, шығыстар және талап-арыздар, адамдардың денсаулығына залал келтіргені және өлімі үшін жауап береді және оларды басқа тарапқа өтейді.

26. Мердігер Объектідегі жұмыстар өндірісінің қауіпсіздік техникасы үшін толығымен жауап береді.

27. Тапсырыс беруші Мердігердің объектінің құрылысын салуға бөлінген Учаскенің барлығын пайдалануға рұқсат етеді. Егер құрылысқа берілген Учаскенің бір бөлігі Учаске берілетін күнге берілмеген болса және осы себеппен жұмыстарды орындау кідіртілсе, онда бұл жағдайда Тапсырыс беруші жұмыстарды аяқтау мерзімін осы Учаскені беруді кідірткен мерзімге ұзартуы тиіс.

28. Тапсырыс беруші немесе оның уәкілетті тұлғасы, сондай-ақ жобалау-сметалық құжаттаманың әзірлеушілері Учаскеге немесе Шарт бойынша жұмыстар орындалып жатқан немесе орындалатын кез келген басқа орынға әрқашан рұқсаты болады.

29. Тапсырыс беруші мен Мердігер Шарт бойынша немесе соған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктерді немесе дауларды тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

30. Егер осындай ресми емес келіссөздер басталғанынан 21 (жиырма бір) күн ішінде Шарт бойынша дауды Тапсырыс беруші мен Өнім беруші бейбіт жолмен шеше алмайтын болса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап етуі мүмкін.

31. Егер мердігер Шарттық құжаттардың талаптарын бұзып орындалған жұмыстарды түзету жөніндегі өз міндеттемелерін орындамаса, сондай-ақ егер Мердігер жобалау-смета құжаттамасына сәйкес жұмысты соңына дейін орындауға қабілетсіз болып шықса, Тапсырыс беруші жазбаша нұсқамамен Мердігерге жұмыстарды тұтастай немесе тоқтап қалу себептерін жойғанға дейін жұмыстардың бір бөлігін тоқтату туралы өкім бере алады.

32. Егер Мердігер жұмысты түзете алмаса немесе түзеткісі келмесе (оны жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкестендіру) және тапсырыс берушіден бұл туралы жазбаша ескерту алғаннан кейін жеті күн ішінде жазбаша немесе әрекеттерімен жауап бермесе тапсырыс беруші көрсетілген жеті күн мерзім өткеннен кейін өзінің талабын қайталауға құқылы. Егер Мердігер келесі жеті күн мерзімі ішінде көрсетілген Ақауларды түзетуге жағдайы болмаса, Тапсырыс беруші өзінің басқадай әсер ету әдістерін қолдану құқығынан бас тартпастан, осы жұмысты өз күшімен орындай алады. Мұндай жағдайларда негізінде Мердігерге төленуі тиіс болған сомадан Тапсырыс берушінің қосымша қызметтер үшін мәжбүрлі шығындары өтемін қоса алғанда, көрсетілген Ақауларды түзету құны шегерілетін өзгерістер туралы тиісті бұйрық шығарылады. Егер Мердігерге төлеуге тиісті сома көрсетілген шығыстарды жабу үшін жеткіліксіз болса, Мердігер Тапсырыс берушіге айырманы өз қаражатынан төлеуге міндетті.

33. Мердігер 10 (он) күн мерзім ішінде Тапсырыс берушіге Объектінің құрылысын салу бойынша жұмыстарды орындау тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ Тапсырыс беруші тарапынан оның конкурстық өтініміне сәйкес төлемдерді жүргізу кестесі мазмұндалған жұмыстардың өндіріс кестесін бекітуге ұсынады.

34. Егер форс-мажорлық жағдайлар орын алса немесе ол ұсынған ауытқулар жұмыстарды орындау үшін қосымша мерзімдер талап етсе, сондай-ақ егер, жұмыстарды орындау үдерісінде қосымша еңбек шығындарын талап ететін жасырын Ақаулар анықталған жағдайларда Тапсырыс беруші жұмыстарды орындау мерзімін ұзартады. Бұл ретте Мердігер азаматтық заңнамада көрсетілген рәсімге сәйкес Тапсырыс берушіні жазбаша хабардар етуі тиіс.

35. Мердігер білімін және қолда бар барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, жұмысты бақылап және бағыттап отыруға міндетті. Мердігер құралдар, әдістер, техника, дәйектілік және жұмыстардың орындалу сапасын, сондай-ақ Шарт бойынша

барлық жұмыстарды ұйлестіру үшін толығымен жауапты және бақылауды жүзеге асырады.

36. Мердігер өз қызметкерлерінің, Қосалқы мердігердің (лердің), Қосалқы мердігердің (лердің) қызметкерлерімен сенім білдірілген адамдарының, сондай-ақ Мердігермен шарт негізінде Шарт шеңберіндегі жұмыстардың бір бөлігін орындайтын басқа да адамдардың іс-әрекеттері мен кемшіліктері үшін Тапсырыс беруші алдында жауапты болады.

37. Тапсырыс беруші жұмысты немесе конструкцияны тексеру үшін сынақ жүргізе алады. Егер тексеруден кейін тексерілген жұмыс немесе конструкция ақаулы болып шықса, Мердігер жұмыстардың Ақауын түзетеді және (немесе) конструкцияны алмастырады.

38. Тапсырыс беруші табылған кез келген Ақаулар туралы Ақауларды түзету мерзімін көрсете отырып, Мердігерді жазбаша түрде хабардар етеді.

39. Мердігер Ақаулар туралы хабарламаны алып, Ақауды Тапсырыс беруші көрсеткен уақыт кезеңі ішінде жоюға міндетті.

40. Ақы төлеу нысаны аудару
(аудару, қолма-қол есептеу және т.б.)

41. Төлемдердің түрлері мен мерзімі аванстық төлем
(төлемдердің қалай жүргізілетіні және төлеу мерзімі көрсетілсін: аванстық төлем, ағымдағы төлемдер, соңғы төлемақы)

42. Ақы төлеу алдындағы қажетті құжаттар: орындалған жұмыстарды қабылдап алу-беру актісі, анықтама №3, форма №2
(шот-фактура немесе орындалған жұмыстарды қабылдап алу-беру актісі немесе т.с.с.)

43. Тапсырыс беруші Мердігерге 2011 жылға бөлінген келісім-шарт соммасының 30% көлемінде **6 075 000,00 (алты миллион жетпіс бес мың) теңге 00 тиын** сомада аванстық төлем (алдын ала төлеу) жүргізуі мүмкін. Мердігер төленген авансты осы Шарт бойынша жұмыстарды орындау үшін талап етілетін материалдарға, жабдықтар мен еңбекақы төлеуге ғана пайдалануы тиіс.

44. Тапсырыс беруші аванстық төлемдерді жүзеге асырған жағдайда ай сайынғы төлемдерден 30% орындалған жұмыстардың көлеміне тепе-тең мөлшерде аванстық төлемдердің сомасын шегере отырып түзетіледі. Төлем мерзімі жоба біткенге дейін .

45. Егер Тапсырыс беруші Мердігерге тиесілі соманы Шартта көрсетілген мерзімде төлемесе, онда бұл жағдайда ол Мердігерге мерзімі өткен әрбір күн үшін 0,1% тиесілі сомасының 0,1 %-ы мөлшерінде кідіртілген төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын төлейді. Тұрақсыздық айыбы келесі төлеммен жүргізіледі. Тұрақсыздық айыбының пайызы төлем жүргізілуі тиіс болған күннен бастап есептеледі және соңғы төлем жүргізілген кездегі күнмен аяқталады.

46. Мынадай оқиғалар жұмыстардың ұзақтығы мерзімін өзгертуге немесе Мердігерге ақшалай өтемақы төлеуге алып келеді:

1) Тапсырыс беруші Объектінің барлық учаскелерін пайдалануға рұқсат етпесе, бұл жұмыстардың орындалуын кідіртеді. Бұл жағдайда Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша жұмыстардың орындалу мерзімін ұзартуға міндетті;

2) Тапсырыс беруші Мердігерге Шартта жоспарланбаған сынақтарды өткізу үшін жұмыстарды тоқтатуға нұсқама берсе. Егер осы сынақта қандай да бір ақауларға нұсқамаса, онда сынақ өткізу үшін жұмыстарды тоқтату уақыты жұмыстарды орындаудың шарттық мерзіміне қосылады;

3) аванстық төлем кешіктірілсе;

4) Объектіде бірнеше мердігерлер болса, Тапсырыс берушінің басқа мердігерлер үшін жасаған жұмыстар кестесі осы Шарт бойынша Мердігердің жұмыстарды орындау мерзіміне келеңсіз әсер етсе.

Өтемақы сомасы Мердігермен келісіледі.

47. Ұсталған сома Мердігерге барлық жұмыстар аяқталғаннан кейін және шалалықтар мен Ақаулар тізбесі жойылғаннан кейін ғана төленеді.

48. Мердігер Тапсырыс берушіге шарт бойынша жеткізіп берілетін материалдар мен жабдықтардың жақсы сапада және техникалық өзіндік ерекшеліктер және жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес болуына, жұмыс оның сапасын жобалау-сметалық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін деңгейге дейін төмендететін ақауларсыз орындалатынына кепілдік береді. Осы талаптарға сәйкес келмейтін, жеткіліксіз негізделген және рұқсатсыз өзгертілген жұмыс ақаулы деп танылады. Мердігер (қосалқы Мердігер) жүзеге асырмаған пайдалану, түрлендіру ережелерін бұзу, дұрыс ұстамау немесе жеткіліксіз техникалық қызмет көрсету себебінен, сондай-ақ жабдықты қалыпты пайдалану кезінде оның ұйғарынды тозуы немесе бұлінуі себебінен залалды өтеу немесе түзету Мердігер беретін кепілдіктерге кірмейді. Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Мердігер материалдар мен жабдықтардың сапасын куәландыратын құжаттарды беруге тиіс.

Мердігер Тапсырыс берушіге пайдалануға кепілдікті **2 (екі) жыл** мерзімге береді.

49. Егер басқа тарап Шартта көзделген қағидатты талаптардан айыратын Шарттың талаптарын едәуір бұзушылық жасаған болса, Тапсырыс беруші немесе

Мердігер Шартта көрсетілген мерзімге дейін Шартты бұза алады.

50. Шарттың талаптарын едәуір бұзу мынаны қамтиды, бірақ санамаланғанмен шектеліп қалмайды:

1) егер Мердігер жұмыстар кестесін орындау мерзімін бірнеше рет бұзса, Тапсырыс беруші Шартты бұза алады;

2) Мердігер Тапсырыс берушінің тоқтатуға рұқсатын алмай мерзімі 5 (бес) күнге дейін жұмысты тоқтата тұрса;

3) Мердігер Тапсырыс беруші белгілеген негізді уақыт кезеңі ішінде Тапсырыс беруші көрсеткен Ақауларды жоймаса;

4) Тапсырыс беруші Мердігерге жұмыстар барысын кідіртуге нұсқама 10 (он) күн ішінде күшін жоймаса;

5) не Тапсырыс беруші, не Мердігер оның қайта ұйымдастырылуын немесе бірлесуін қоспағанда, банкротқа ұшыраса немесе қандай да бір себептермен таратылса;

6) Тапсырыс беруші Мердігерге Тапсырыс берушінің Техникалық бақылаушысы растаған соманы сома расталған күннен кейінгі 10 (он)күн ішінде төлемесе;

7) Мердігер жобалау құжаттамасында және шарттық құжаттамада көрсетілген жұмыстарды жүргізу ережелерін, нұсқаулықтарын және ережелерін ескермейтін болса.

51. Егер Шарт Мердігердің Шартты едәуір бұзуы себебінен бұзылса, Тапсырыс беруші Тапсырыс берушінің жаңа Мердігерді таңдауына аванстар мен шығындарды шегере отырып, Мердігерге іс жүзінде орындалған жұмыстар үшін қалған соманы төлейді. Егер Тапсырыс берушінің Шартты бұзуға байланысты шығындарының жалпы сомасы Мердігерге тиесілі жалпы сомадан асып түссе, айырма Тапсырыс берушіге төленуге жататын борышты құрайды.

52. Тапсырыс беруші Мердігерге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп, Шартты одан әрі орындаудың орынсыздығына байланысты оны кез келген уақытта бұза алады. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетіледі, Шарттың күші жойылған жұмыстарының көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енетін күні айтылады.

53. Мұндай жағдайларда Тапсырыс беруші барлық орындалған жұмыстардың құнын, сатып алынған жабдықтар үшін, Объектіден машиналар мен тетіктердің шығарылуына шығыстарды және Объектіні консервациялау құнын төлейді.

54. Жоғарыда санамаланған жағдаяттар негізінде Шарт жойылған кезде, Мердігер Шарт бойынша бұзуға байланысты оны бұзатын күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқылы.

55. Мына фактілердің бірі анықталған жағдайда мемлекеттік сатып алу туралы Шарт кез келген кезеңде бұзылады:

1) Заңның 6-бабында қарастырылған шектеулердің бұзылуы;

2) сатып алуды ұйымдастырушы әлеуетті өнім берушіге Заңда қарастырылмаған ықпал етулер көрсетсе;

Егер Шарт бұзылса Мердігер дереу жұмысты тоқтатып, Объектіні консервациялауды және белгіленген тәртіппен оны Тапсырыс беруші тапсыруды қамтамасыз етеді.

56. Егер Мердігердің Шарт талаптарын едәуір бұзуы себебінен Шарт бұзылатын болса, Объектідегі барлық материалдар мен Жабдық, сондай-ақ уақытша құрылымдар мен орындалған құрылыс жұмыстары Тапсырыс берушінің меншігі болып саналады және Шартты бұзуға байланысты қаржылық талқылаулар шешілгенге дейін оның билігінде болады.

57. Егер дүлей апат, әскери іс-қимылдар немесе Тапсырыс беруші немесе Мердігер бақылай алмайтын қандай басқа бір басқа форс-мажорлық оқиға Шарттың орындалуын бұзса, Тапсырыс беруші Шарттың тоқтатыла тұруын куәландырады. Мердігер тоқтата тұру туралы хабарлама алғаннан кейін қысқа мерзімде Объектіні консервациялауды қамтамасыз етеді және жұмысты тоқтатады. Тапсырыс беруші Мердігерге Объектіні тоқтатқан күнге дейін орындалған жұмыстардың барлық көлемі үшін және Объектіні консервациялауға байланысты жұмыстар үшін ақы төлеуді жүргізеді.

58. Мердігер орындалған жұмыстарды және жұмыстарға байланысты барлық материалдарды, жабдықтарды, ресурстарды және өзге де позицияларды жаңбырға, су тасқынына, аязға, өртке, ұрлауға және өзге де себептерге байланысты зиянның, зақымданудың, жойылудың барлық түрлерінен қорғауды қамтамасыз етуге міндетті. Мердігер өзінің жұмыстарын жүргізу кезінде жоба бойынша басқа жұмыстарды, сондай-ақ Тапсырыс берушіге тиесілі меншікті және оған тиесілі құрылыстарды қандай да бір зақымдану түрлерінен және жолды, ғимараттарды, материалдардың қоймаларын және жылжымалы және жылжымайтын мүліктің өзге де түрлерін қоса алғанда (бірақ, онымен шектеліп қоймай) басқа да себептерден қорғауды қамтамасыз етуге тиіс. Мердігер жоғарыда айтылғандарға байланысты шеккен барлық шығындар Тапсырыс берушінің тарапынан қосымша өтелуге жатпайды.

59. Тапсырыс беруші Мердігердің жоғарыда айтылған себептермен оларды толық аяқтағанға және қабылдағанға дейін жұмыстардың қандай да бір зияны немесе

зақымдануы үшін жауапкершілік көтермейді және Мердігер қосымша өтеусіз қандай да бір зиянды барлық түзетуді, қандай да бір зақымдануды және өзге де жоғары айтылғандар нәтижесінде өзге де ақауларды жүзеге асырады.

60. Мердігер өнім беруді ұйымдастыру, Мердігер беретін, Объектіге жеткізілуге тиіс барлық материалдар мен жабдықтарды тасымалдау, тиеу және сақтау үшін жауапты болады. Өнімді беру тек қана Мердігердің атына жүзеге асырылады. Ешқандай жағдайда да Тапсырыс беруші өнім беруге, өңдеуге, сақтауға және көлік құралдарының тоқтап тұруына ақы төлеуге байланысты шығыстар үшін жауап беруге тиіс емес. Ешқандай да өнім беру Тапсырыс берушінің атына жіберілмейді.

61. Мердігер Тапсырыс берушіге Учаскеде материалдар мен жабдықтар алу кестесін береді. Сақтау, төсеу немесе қатарлап жинау үшін Тапсырыс беруші рұқсат берген учаскелер ғана пайдаланылуы мүмкін. Егер Мердігер өзінің материалдары мен жабдықтарын тиеуді және сақтауды кідіртетін болса, және егер мұндай кідірту тұтастай алғанда жұмыстарды жүзеге асыруға зиян келтіретін болса, Тапсырыс беруші Мердігердің материалдары мен жабдықтарын тиеу мен сақтауды Мердігердің есебінен жүзеге асыруы мүмкін (бірақ құны жасауға міндетті емес). Егер тиеуді немесе Тапсырыс жүзеге асыратын болса, жоғарыда айтылғанның зиянына немесе зақымдануына байланысты бүкіл тәуекелді Мердігер көтереді.

62. Тапсырыс беруші беретін материалдар мен жабдықтарды Тапсырыс беруші мен Мердігер бірлесіп қабылдайды және тексереді. Құрылыс алаңында тиеуді Мердігер жүзеге асырады. Мұндай қабылдау Мердігер дайындайтын қабылдау туралы жазбаша құжатпен куәландырылуға тиіс. Кез келген кем шығу немесе осындай материалдар мен жабдықтарға қолданылатын зақымдану қабылдау туралы жазбаша құжатта нақты белгіленуге тиіс. Осындай материалдар мен жабдықтарды қабылдағаннан кейін Мердігер осындай материалдар мен жабдықтардың өңделуі мен сақталуы үшін толық жауап береді және, жоғарыда көрсетілген жоғалған немесе зақымданған жағдайда толық жауап береді. Мердігер өзінің жұмыстарын аяқтағаннан кейін қалатын материалдардың немесе жабдықтардың кез келген артылғаны Тапсырыс берушіге қайтарылуға тиіс.

63. Егер Шартта Тапсырыс берушінің материалдарын немесе жабдықтарын беру көзделген болса, Мердігер Тапсырыс берушіні оларды беру үшін қажет болуы мүмкін мерзім туралы күні бұрын хабардар етуге тиіс. Бұл мерзімдер Мердігердің жұмыс кестесінде көзделген болуы тиіс.

64. Егер Шартқа сәйкес Тапсырыс беруші осы Шартта көзделген жұмыстарды орындау үшін негізді көлемде электр энергиясымен және сумен қамтамасыз етуге тиіс болса, Мердігер қосудың орындалуы үшін және су мен электр энергиясын Тапсырыс беруші белгілеген қосу нүктесінен бөлу үшін жауап береді. Осы қызметтермен қамтамасыз етудегі үзілістер жұмыстардың ұзақтығын өзгерту үшін негіз болып табылады.

65. Мердігер Учаскенің аумағын таза ұстайды. Мердігер Учаскеден барлық құрылыс қоқысын әкетуге және Учаскені жедел түрде тәртіпке келтіруге тиіс.

66. Егер Мердігер Учаскені осы Шарт талап ететіндей таза ұстауға жағдайы келмесе, Тапсырыс беруші шығыстарды Мердігердің есебіне жатқыза отырып, осы жұмысты орындауы мүмкін.

67. Мердігер Шартта айтылған барлық жұмыстар аяқталғаннан кейін Тапсырыс берушіге жұмыстардың аяқталғаны туралы хабарлама жібереді. Тапсырыс беруші жеті күн мерзімнен кешіктірмей Шартқа сәйкес жұмыстардың аяқталуын бағалау жөніндегі комиссияны (Жұмыс комиссиясы) тағайындайды.

68. Жұмыс комиссиясы Мердігердің қатысуымен өткізіледі.

69. Жұмыс комиссиясы актісінің күні жұмыстар аяқталған күн болып саналады.

70. Жұмыс комиссиясы шалалықтардың тізбесін жасайды және оларды жою мерзімін көрсетеді. Шалалықтарды жою күні Шарттың аяқталған күні болып саналады. Барлық шалалықтарды жою фактісі Объектіні пайдалануға түпкілікті қабылдау актісімен (Мемлекеттік комиссия актісімен) анықталады.

71. Форс-мажорлық шарттарды қоспағанда, егер мердігер Шартта айтылған мерзімде жұмысты орындамаса Тапсырыс беруші Шарттың шеңберінде өзінің басқа құқықтарына зиянсыз Шарттың бағасынан әр бір мерзімі өткен күнге 0,1 пайыз сомасында тұрақсыздық айыбын есептеп шығарып отырады.

72. Жұмыстардың басталу мерзімі 28 қараша 2011 жыл.

73. Мердігер осы Шарт бойынша жұмыстардың барлық түрлерін жұмыстар басталғаннан кейін 5 (бес) айдан кешіктірмей аяқтауды қамтамасыз етуге міндетті.

73-1. Әлеуетті өнім беруші (мердігер) конкурстық өтінімге (бар болған кезде) қазақстандық қамтуды қамтамасыз етуді міндетіне алады.

74. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша орындалған көлем үшін осы Шартта айтылған соманы төлеуге міндеттенеді.

75. Мердігер орындаған жұмыстардың сомасынан ай сайын (немесе басқа кезең көрсетілсін) Тапсырыс беруші барлық жұмыстар орындалғаннан және шалағайлықтар мен ақаулар тізбесін жойғаннан кейін Мердігерге төленетін орындалған жұмыстар құнының

5%-ын ұстап қалады (бұдан әрі - Түпкілікті ақы төлеу).

76. Осы Шарт бойынша Мердігерге түпкілікті ақы төлеуді Тапсырыс беруші Мердігер осы Шарт бойынша міндеттемелерді және Ақауларды түзету жөніндегі өзінің барлық міндеттемелерін толық орындаған жағдайда жүргізеді.

77. Осы Шартта Тапсырыс беруші мен Мердігер белгіленген тәртіппен келіскен өзге де айыппұл санкциялары не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де талаптар көзделуі мүмкін.

78. Мердігер конкурстық құжаттамада көзделген нысанда, көлемде және шарттарда Шарттың атқарылуын қамтамасыз етуді енгізуге міндетті (егер осындай қамтамасыз етуді енгізу конкурстық құжаттамада көзделсе).

79. Осы Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін (мемлекеттік органдар мен мекемелер үшін) және Мердігер Ереженің 156-тармағында көрсетілген жағдайларда Шарттың атқарылуын қамтамасыз етуді енгізгеннен кейін күшіне енеді.

80. Тараптардың мекен-жайлары мен деректемелері:

Тапсырыс беруші	**Өнім беруші**
«Бейнеу аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі	«А и К Құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
СТН 430200212223	СТН 430200210139
БСК KKMFKZ2A	БСК ABKZKZKX
ЖСК KZ66070103KSN4302000	ЖСК KZ54319N010000386314
Код 4662754	«БТА Банкі» АҚ
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық Комитеті Маңғыстау облысы бойынша Қазынашылық Департаментінің Бейнеу аудандық Қазынашылық басқармасы. Бейнеу ауданы, Бейнеу селосы, Д.Тәжиев көшесі, әкімдік ғимараты, 2 қабат 8/72932/21367	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Бейнеу селосы, Молдағұлова көшесі, 9 үй 8/72932/25463, 50588
Бисенов С.Х.	**Отеулиева О.Ж.**
_____ (қолы)	_____ (қолы)
М.О. *2011 ж. «__» ___*	М.О. *2011 ж. «___» ____*

Аумақтық қазынашылық органында тіркелген күні (мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер үшін):_____

Осы Мемлекеттік сатып алу туралы үлгі шарт Тапсырыс берушінің жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруы үдерісінде Тапсырыс беруші мен Мердігер арасында туындайтын құқықтық қатынастарды реттейді. Осы Шартты пайдалана отырып, Тапсырыс беруші конкурс қорытындылары негізінде жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарттың өз жобасын әзірлеуге тиіс. Бұл ретте осы Шартқа енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңнамасына, Тапсырыс берушінің конкурстық құжаттамасына, Мердігердің конкурстық өтініміне және Конкурс қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес болуы тиіс. Осы Шартта курсивпен бөліп көрсетілген түсіндірулерді Тапсырыс беруші толтыруға тиіс.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 15 қазандағы
№ 1328 қаулысымен
бекітілген

Мемлекеттік қабылдау комиссиясының салынған объектіні пайдалануға қабылдау туралы актісі

2012 жылғы « 21» маусым № 6 Ақжігіт селосы
(объектінің орналасқан жері)

Бейнеу ауданы әкімінің
(комиссияны тағайындаған органның атауы)

2012 жылғы 10» мамырдағы №124-Ө шешімімен (бұйрығымен, қаулысымен және т.б.) тағайындалған мемлекеттік қабылдау комиссиясы мына құрамда:

төраға
Әбілшеев Қойшығұл Бекқалиұлы - Аудан әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

төрағаның орынбасары
Қоштаев Алғадай - Қазақстан Республикасы құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің «Маңғыстау облысы бойынша мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаменті» мемлекеттік мекемесінің құрылыс сапасын қадағалау бөлімі бастығының міндетін атқарушы, комиссия төрағасының орынбасары (келісім бойынша)
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы,)

комиссия мүшелері - өкілдер:

тапсырыс беруші
Бисенов Самат Құдайбергенұлы - «Бейнеу аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы,
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

пайдаланушы ұйымдар
Жарықбасова Маншук - «Ақжігіт балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының директоры, пайдаланушы,
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

бас мердігер
Отеулиева Орынгүл Жолдиевна - «А и К құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры, құрылыс салушы, (келісім бойынша)
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

бас жобалаушы
Дармуханов Нурболат Қанайұлы - «Каз Тепло» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры, жобалаушы(келісім бойынша)
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

қосалқы жобалаушылар
болған жоқ
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органдары (өндірістік мақсаттағы объектілерді пайдалануға қабылдау кезінде) __

(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)
мемлекеттік санитарлық-эпидемиялогиялық қадағалау органдары
Сүйінов Жаңбырбай Итібайұлы - «Бейнеу ауданы бойынша мемлекеттік
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы) санитарлық- эпидемиологиялық қадағалау
басқармасы» мемлекеттік мекемесінің бастығы,
(келісім бойынша)

өртке қарсы мемлекеттік қызмет органдары
Хайрушев Серік Салахатденұлы - «Маңғыстау облысының төтенше жағдайлар
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы) департаменті» мемлекеттік мекемесінің бастығы
(келісім бойынша)
қоршаған ортаны қорғау саласында уәкілетті мемлекеттік орган

АНЫҚТАДЫ:

1. Тапсырыс беруші (мердігермен бірлесіп) _____
«Бейнеу аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі
(ұйымның атауы)
Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Бейнеу селосы, Д.Тажиев көшесі, аудандық әкімдік ғимараты, 2 қабат._____ мекенжайы бойынша
(облыс, аудан, елді мекен, шағын аудан, орам, көше, үйдің (корпустың) нөмірі)
жаңадан салынып жатқан_ «Ақжігіт селосындағы балабақшаға жапсаржай» құрылыс
(объектінің атауы және құрылыстың түрі (жаңадан салу, кеңейту, қайта жаңарту,
нысанын ___ пайдалануға қабылдауды ұсынды.
техникалық қайта жарақтандыру)

2. Құрылыс 20___ жылғы _____ №_____ _____
_____
(шешім шығарған органның атауы)
жерге тиісті құқық беру туралы шешімнің (қаулының, өкімнің) негізінде жүргізілген
және құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге «Маңғыстау облысы бойынша мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау департаменті» мемлекеттік мекемесінің
(рұқсат берген органның атауы)
2011 жылғы «_08_ »_желтоқсандағы_ № __08__ рұқсаты.

3. Құрылысты __ «Ақжігіт селосындағы балабақшаға жапсаржай»құрылыс
жұмыстарын_ (жұмыстар түрлері)
орындаған бас мердігер _«А и К құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі_
(ұйымның атауы)
және орындаған қосалқы мердігер ұйымдар_____болған жоқ_____
_____
(ұйымдардың атауы, әрбір ұйым (үштен артық ұйым болған кезде олардың тізбесі актінің қосымшасында көрсетіледі) орындаған жұмыстың түрлері)
жүзеге асырды.

4. Құрылыстың жобалау-сметалық құжаттамасын «Каз Тепло» жауапкершілігі
(ұйымның атауы)
шектеулі серіктестігі орындаған бас жобалаушы _____
(құжаттамалардың бөліктерінің немесе бөлімдерінің атауы)
орындаған қосалқы мердігер жобалаушы ұйыммен _____болған жоқ____ әзірлеген.
(ұйымның атауы, орындалған құжаттама бөлімдерінің немесе тарауларының
атауы (үштен артық ұйым болған кезде олардың тізбесі актінің...
қосымшасында көрсетіледі)

5. Жобалауға арналған бастапқы деректерді берген _____
«Бейнеу аудандық сәулет, қала құрылысы және_құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі
(ғылыми-зерттеу және іздестіру ұйымдарының атауы, бастапқы деректердің тақырыбы)

6. Құрылыс _____жеке_____ жобасы (үлгі, жеке, қайта қолданылған)
(жобаның нөмірі, серияның нөмірі)
бойынша жүзеге асырылған.

7. Жобалау-сметалық құжаттамасын _____
«Бейнеу аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі
(объектіге (кезегі, іске қосу кешені) арналған құжаттаманы бекітуші
(қайта бекітуші) органның атауы)
_2011__ жылғы «__17_»__қараша__ № _133-ө_ бекіткен.

8. Құрылыс-монтаж жұмыстары мына мерзімде жүзеге асырылған:
жұмыстың басталуы __желтоқсан 2011 ж.
(айы және жылы)
жұмыстың аяқталуы __маусым 2012 ж.
(айы және жылы)
құрылыстың ұзақтығы, ай:
норма бойынша немесе құрылысты жобалау ұйымы бойынша _5 (бес) ай__
нақты _____5 (бес) ай__

9. Мемлекеттік қабылдау комиссиясына мына құжаттамалар ұсынылды:
_____ құрылыс рұхсатнамасы, жұмыс журналдары, дәнекерлеуге арналған,
____бетон құю жұмыс журналдары_____
(құжаттар тізбесі немесе актіге қосымшаның нөмірі)

10. Пайдалануға беруге ұсынылған объектінің мынадай қуаттылық, өнімділік, өндірістік алаң, ұзындық, сыйымдылық, көлем, өткізу мүмкіндігі, кіре мүмкіндігі, жұмыс орындары саны және с.с. негізгі көрсеткіштері бар (мақсатты өнімдерге немесе негізгі қызмет көрсету түрлеріне сәйкес барлық объекті (тұрғын үйлерден басқа) бойынша өлшем бірліктерімен толтырылады):

Қуаттылық, өнімділік және т.б.	Өлшем бірлігі	Жоба бойынша		Нақты	
		жалпы (бұрын қабылданғандарды ескере отырып)	оның ішінде іске қосу кешені немесе кезектегі	жалпы (бұрын қабылданғандарды ескере отырып)	оның ішінде іске қосу кешені немесе кезектегі
Сыйымдылығы	орын	40		40	
Құрылыс алаңы	га	0,4491		0,4491	
Жалпы ауданы	м2	371,2		371,2	
Құрылыс көлемі	м3	1864,2		1864,2	

Бастапқы кезеңде жобалық қуатты игеру нормаларына сәйкес жобада көзделген көлемде өнім шығару (қызмет көрсету) _____
_____
(көлемін көрсете отырып, өнімдерді шығарудың нақты басталуы)

Пайдалануға қабылдауға ұсынылған тұрғын үйдің мынадай көрсеткіштері бар:

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Жоба бойынша	Нақты
Жалпы алаңдар	$м^2$		
Қабаттар саны	қабат		

Құрылыстың жалпы көлемі	$м^3$		
Оның ішінде жер асты бөлігі	$м^3$		
Жапсарла салынған, жапсарлас-жанаса салынған және жанаса салынған үй-жайлар	$м^2$		

Көрсеткіштер	Жоба бойынша			Нақты		
	пәтер саны	Пәтер алаңы, $м^2$		пәтер саны	Пәтер алаңы, $м^2$	
		жалпы	тұрғын		жалпы	тұрғын
Барлық пәтер, оның ішінде: бір бөлмелі						
екі бөлмелі						
үш бөлмелі						
төрт бөлмелі және одан көп						

11. Объект бойынша технологиялық және сәулет-құрылыс шешімдері мына деректермен сипатталады: _____
40 орындық Ақжігіт балабақшасына жапсаржай іргетасы – біртұтас ленталы бетон М400 тұзға шыдамды цементтен құйылған. Ғимарат сыртқы қабырғалары-390 мм-лік ұлутастан, ішкі көлденең қабырғалары 390мм және 190мм. Балабақша есік,терезелері-металлопластик. Ғимарат жобаға сәйкес кіре беріс коридор,шешінетін бөлме, тамақтанатын немесе ойын залынан,ұйықтайтын бөлме, дәретке шығу, жуынып-шайынатын душевойдан және музыкалық залдан тұрады. Жатын,ойын бөлмелері едені ағаштан,коридор жуынып-шайынатын бөлме едендеріне жылы пол қарастырылған,беті кафелмен қапталған және залға линолеум төселген. Жоба бойынша ғимаратқа жасанды жарық, шамдар қарастырылған. Аражабыны темірбетон плиталармен, шатыры профнастилмен жабылған. Жобаға сәйкес балабақшаға 40 балаға арналған технологиялық
(негізгі материалдар мен конструкциялар, инженерлік және технологиялық жабдықтар бойынша қысқаша техникалық сипаттамалар)
жабдықтар орнатылған.

12. Объектіде жобада көзделген, жеке сынағаннан және кешенді байқап көргеннен кейін оны қабылдау туралы актілер (көрсетілген актілердің тізбесі осы актінің қосымшасында берілген) сәйкес мөлшерде жабдық орнатылған.

13. Жобада көзделген еңбекті қорғау, жарылыс қауіпсіздігін, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған табиғи ортаны қорғау және сейсмикаға қарсы іс-шаралар __ _____жобаға сәйкес_____
(орындалғаны туралы мәліметтер)

Іс-шаралар сипаты актінің ____қосымшасында келтірілген.

14. Суық су және ыстық сумен қамтамасыз ету, кәріз, жылумен жабдықтау, газбен жабдықтаудың, энергиямен жабдықтаудың және байланыстың сыртқы коммуникациялары ғимараттардың, құрылыстардың, үй-жайлардың қалыпты пайдаланылуын қамтамасыз етеді және қалалық пайдалану ұйымдары қабылдаған. Қалалық пайдалану ұйымдары анықтамаларының тізбесі актінің ____қосымшасында келтірілген.

15. Көгалдандыру, ғимараттарға, жаяужолдарға, шаруашылық, ойын және спорт алаңдарына кірме жолдардың бетін жабу жөніндегі жұмыстар құрылыстың II-кезңінде қаралған, сондай-ақ ғимараттардың қасбетін әрлеу элементтері орындалған:

Жұмыстың түрлері	Өлшем бірлігі	Жұмыстың көлемі	Орындалу мерзімі

16. Бекітілген жобалау-смета құжаттама бойынша сметалық құны:

барлығы 34151,43 мың теңге, соның ішінде: құрылыс-монтаж жұмыстары: 26954,29 мың теңге, жабдықтар, құралдар мен құрал-саймандар 2564,98 мың теңге.

17. Пайдалануға қабылданатын негізгі қорлардың сметалық құны: 34010,14 мың теңге, оның ішінде: құрылыс-монтаж жұмыстары 26842,66 мың теңге, жабдықтар, құралдар мен құрал-саймандар 2554,35 мың теңге.

18. Объектіні тексеру және тиісті құжаттамалармен танысу негізінде: технологиялық

_____

(тұрғын үйлер бойынша толтырылмайды)

сәулет-құрылыс (көлем-жоспарлық және материалдар мен конструкцияларды қолдануды қоса алғанда) шешімнің озықтығына баға берілді.

Мемлекеттік қабылдау комиссиясының шешімі:

Қабылдануға ұсынылған _____

«Ақжігіт селосындағы балабақшаға жапсаржай»құрылыс нысанын

(объектінің атауы)

ПАЙДАЛАНУҒА ҚАБЫЛДАНСЫН.

Мемлекеттік қабылдау комиссиясының төрағасы

_____ Әбілшеев Қойшығұл Бекккалиұлы

(тегі, аты, әкесінің аты, қолы, күні, мөр)

Мемлекеттік қабылдау комиссиясы төрағасының орынбасары

_____ Қоштаев Алғадай

(тегі, аты, әкесінің аты, қолы, күні, мөр)

Қабылдау комиссиясының мүшелері:

_____ Бисенов Самат Құдайбергенұлы

(тегі, аты, әкесінің аты, қолдары, күні, мөр)

_____ Жарықбасова Маншук

(тегі, аты, әкесінің аты, қолдары, күні, мөр)

_____ Отеулиева Орынгүл Жолдиевна

(тегі, аты, әкесінің аты, қолдары, күні, мөр)

_____ Дармуханов Нурболат Қанайұлы

(тегі, аты, әкесінің аты, қолдары, күні, мөр)

_____ Сүйінов Жаңбырбай Итібайұлы

(тегі, аты, әкесінің аты, қолдары, күні, мөр)

_____ Хайрушев Серік Салахатденұлы

(тегі, аты, әкесінің аты, қолдары, күні, мөр)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 жылғы 15 қазандағы N 1328 қаулысымен
бекітілген

Жұмыс комиссиясының қорытындысы

Ақжігіт селосы 2012 жылғы «__»_____

2012_ жылғы «15 » мамырдағы_____№_40-ө_____ шешіммен тағайындалған жұмыс комиссиясы «Бейнеу аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі атынан бөлім бастығы__Бейсенов Самат Құдайбергенұлы (жұмыс комиссиясын тағайындаған тапсырыс беруші ұйымның атауы, тапсырыс берушінің, аты, әкесінің аты) құрамында:

төраға-тапсырыс берушінің өкілі
Лепесов Бекболсын Табынбайұлы - «Бейнеу аудандық сәулет,қала құрылысы
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы) және құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас маманы, комиссия төрағасы.

комиссия мүшелері - өкілдер:
бас жобалаушы
Дармуханов Нурболат Қанайұлы - «Каз Тепло» жауапкершілігі шектеулі
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы) серіктестігінің директоры

қосалқы жобалаушылар _____ - жоқ
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)
бас мердігер
Отеулиева Орынгул Жолдиевна - «А и К құрылыс» жауапкершілігі
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы) шектеулі серіктестігі директоры

Қосбармақ Балта Құсайынұлы - «А и К құрылыс» жауапкершілігі шектеулі
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы) «серіктестігі бас инженері

қосалқы мердігер ұйымдар _____ - жоқ
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)
мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және қадағалау органдары

Қоштаев Алғадай «Маңғыстау облысының мемлекеттік саулет-
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы) құрылыс бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің құрылыс сапасын қадағалау бөлімінің бастығының міндетін атқарушы, комиссия төрағасының орынбасары
жергілікті атқарушы мемлекеттік сәулет және қала құрылысы органдары
_____
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)
өртке қарсы мемлекеттік қызмет органдары
Хайрушев Серік Салахатденұлы «Маңғыстау облысының төтенше жағдайлар
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы) департаменті» мемлекеттік мекемесінің директоры

мемлекеттік санитарлық-эпидемиялогиялық қадағалау органдары
Сүйінов Жаңбырбай Итібайұлы «Бейнеу ауданы бойынша мемлекеттік
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы) санитарлық- эпидемиологиялық қадағалау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің бастығы

мемлекеттік халықты әлеуметтік қорғау органдары _____
_____
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)
пайдаланушы ұйымдар _____
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы)

басқа да мүдделі мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының өкілдері

Көшкінбай Мақсат Зейноллаұлы - «Caspian Expert Company» жауапкершілігі
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы) шектеулі серіктестігінің директоры, техникалық қадағалаушы

АНЫҚТАДЫ:

1. Бас мердігер «А и К құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
(ұйымның атауы және оның ведомстволық бағыныстылығы)
салынған объектіні «Ақжігіт селосындағы балабақшаға жапсаржай» құрылыс
(объектінің атауы, оның орналасқан жері немесе мекенжайы)
нысанын пайдалануға қабылдауға ұсынды.

2. Құрылысты «Ақжігіт селосындағы балабақшаға жапсаржай» құрылыс нысанының құрылыс-монтаж жұмыстарын орындаған бас мердігер
(жұмыстар түрлерін)
«А и К құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі және құрылыс-монтаж жұмыстарын (жұмыстар түрлерін)
орындаған қосалқы мердігер ұйымдар болған жоқ
(ұйымдардың атауы, олардың ведомствовалық бағыныстылығы)
жүзеге асырды.

3. Құрылыстың жобалау-сметалық құжаттамасын «Каз Тепло» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жобалау ұйымдары әзірлеген.
(ұйымдардың атаулары және олардың ведомстволық бағыныстылығы)

4. Құрылыс жеке
(жобаның нөмірі, үлгілік жобалар бойынша сериясының нөмірі)
жоба бойынша жүзеге асырылды.

5. Жобалау-сметалық құжаттама 2011 жылғы «17» қарашада № 133-ө Бейнеу аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінде бекітілген.
(тұтастай объектіге құжаттаманы бекіткен ұйымның атауы)

6. Құрылыс-монтаж жұмыстары мына мерзімде жүзеге асырылған:
жұмыстың басталуы: желтоқсан 2011 жыл.
(айы және жылы)
жұмыстың аяқталуы: маусым 2012 жыл.
(айы және жылы)

7. Жұмыс комиссиясына мынадай құжаттамалар ұсынылды:
(құжаттар тізбесі немесе актіге қосымшаның нөмірі)
Көрсетілген құжаттар осы актінің міндетті қосымшасы болып табылады.

8. Объектінің (кешеннің), құрылыстар мынадай көрсеткіштері бар:
Жапсаржай ғимараты ұзындығы 32 м,алаңы 0,4491га, биіктігі 3м, бір қабатты,40-орынды, көлемі 1864,2м3.
(қуаты, өнімділігі, өндірістік алаңы, ұзындығы, сыйымдылығы және т.б.)

9. Объект (кешен) бойынша технологиялық және сәулет-құрылыс шешімдері мынадай деректермен сипатталады:
Жапсаржай іргетасы - біртұтас ленталы бетон М400 тұзға шыдамды цементтен құйылған. Ғимарат сыртқы қабырғалары-590 мм-лік ұлутастан,ішкі көлденең қабырғалары 390мм және 190мм. Балабақша есік,терезелері- металлопластик. Ғимарат жобаға сәйкес кіре беріс коридор,шешінетін бөлме,тамақтанатын немесе ойын залынан,ұйықтайтын бөлме,дәретке шығу,жуынып-шайынатын душевойдан және музыкалық залдан тұрады.Жатын,ойын бөлмелері едені ағаштан,коридор жуынып-шайынатын бөлме едендеріне жылы пол қарастырылған,беті кафелмен қапталған және залға линолеум төселген. Жоба бойынша ғимаратқа жасанды жарық,шамдар қарастырылған.
(жоспарлау, қабаттар, негізгі материалдар мен конструкциялар,
Аражабыны темірбетон плиталармен, шатыры профнастилмен жабылған.
инженерлік және технологиялық жабдықтар бойынша қысқаша техникалық сипаттамалар)

10. Жабдық жұмыс комиссиялары жеке сынақтан және кешенді байқаудан өткеннен кейін (актілер тізбесі осы актінің ____ қосымшасында келтірілген) оны қабылдау туралы актіге сәйкес орнатылды:
жоба бойынша _____ бірлік;

нақты _____ бірлік.

11. Жобада көзделген еңбекті қорғау, жарылыс қауіпсіздігін, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоршаған табиғи ортаны қорғау және сейсмикаға қарсы іс-шаралар _____ жобаға сәйкес _____
(орындалғаны туралы мәліметтер)

Іс-шаралар сипаты актінің ____ қосымшасында келтірілген.

12. Бекітілген жобалау-сметалық құжаттама бойынша сметалық құны:

барлығы 34151.43 мың теңге, соның ішінде: құрылыс-монтаж жұмыстары: 26954,29 мың теңге, жабдықтар, құралдар мен құрал-саймандар 2564,98 мың теңге.

Жұмыс комиссиясының шешімі

«Ақжігіт селосындағы балабақшаға жапсаржай» құрылыс нысаны
(ғимараттың, құрылыстың атауы)

Бас мердігерден ҚАБЫЛДАНДЫ және Мемлекеттік қабылдау комиссиясына ұсынуға дайын ДЕП САНАЛСЫН.

Жұмыс комиссиясының төрағасы

Лепесов Бекболсын Табынбайұлы
(тегі, аты, әкесінің аты, қолы, күні, мөр)

Жұмыс комиссиясының мүшелері:

Қоштаев Алғадай
(тегі, аты, әкесінің аты, қолы, күні, мөр)

Дармуханов Нурболат Қанайұлы
(тегі, аты, әкесінің аты, қолы, күні, мөр)

Отеулиева Орынгул Жолдиевна
(тегі, аты, әкесінің аты, қолы, күні, мөр)

Қосбармақ Балта Құсайынұлы
(тегі, аты, әкесінің аты, қолы, күні, мөр)

Хайрушев Серік Салахетденұлы
(тегі, аты, әкесінің аты, қолы, күні, мөр)

Сүйінов Жаңбырбай Итібайұлы
(тегі, аты, әкесінің аты, қолы, күні, мөр)

Көшкінбай Мақсат Зейноллаұлы
(тегі, аты, әкесінің аты, қолы, күні, мөр)